«ОрдаМегаСтрой»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігі

«ОрдаМегаСтрой»
товарищество
с ограниченной
ответственностью

Республика Казахстан,г. Кызылорда, ул.Бакишева 1А офис,БИН:000840000216, ИИК: KZ706017201000000709,
БИК: HSBKKZKX Филиал АО "Народный Банк Казахстана"e-mail: ordamegastroi@mail.ru

№ 08-25 *«11» 03 2025 ж.*

Қызылорда облысы
Мемлекеттік сатып алу басқармасы КММ-не

«ОрдаМегаСтрой» ЖШС «Қазалы ауданы, Алға ауылдық округі, Ү.Түктібаев ауылындағы Жаңа жол көшесіне көше жарығын орнату» жұмыстары бойынша 2025 жылдың 6 наурызындағы № 14115721-ОК1 қорытынды туралы хаттамасымен келіспейді. Себебі, жеңімпаз болып анықталған "EL QYZMET" ЖШС және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші "ЭнергияСтройМонтаж" ЖШС құрылысқа қажетті материалдық ресустар бөлігінде сұратылған **Автожүккөтергішті (Автогидроподемники)** екеуі бірдей жеке тұлға **Тусупбеков Нурсултан Галымовичтан ГАЗ 52 01 ТВГ-15И мем.№ 322АСЈ11** жалға алған шартын ұсынған. Сонымен қатар, «ЭнергияСтройМонтаж» ЖШС жалға алу шартын ұсынғанымен меншікті деп көрсеткен.

Алайда, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 76 тармағында ***«Материалдық ресурстарды жалдау шартының электрондық көшірмесін бірнеше әлеуетті өнім берушілерге бір конкурста ұсынуға жол берілмейді»*** деп көрсетілген.

Сондай-ақ, "ГД 2015" құрылыс компаниясы" ЖШС-нің толтырған біліктілік туралы мәліметтері сәйкес келмейді. Себебі, конкурстық құжаттамаға 11-қосымша ұсынған біліктілік туралы мәліметтерінде Автожүккөтергіш жалға алу шартымен **Частное лицо Жусип Е.С.** алынған деп көрсетілгенімен мүлдем басқа құжаттар ұсынылған. Яғни, Автожүккөтергіш Жусип Е.С. жалданған, бірақ ұсынылған құжаттарда жалға беруші Сеитов Ж.А. деп көрсетілегн.

Осы орайда, "ГД 2015" құрылыс компаниясы" ЖШС-де «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 76 тармағына «***Егер конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда мұндай талапқа сәйкестік материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен жүзеге асырылады. Материалдық ресурстарды жалға алған жағдайда қосымша жалдау шартының электрондық көшірмесі ұсынылады. Бұл ретте, шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау мерзімінен кем емес.»*** тиіс құжаттар ұсынбаған.

Жоғарыдағының негізінде, қорытынды хаттамасы қайта қаралып, әлеуетті өнім берушілер "EL QYZMET" ЖШС, «ЭнергияСтройМонтаж» ЖШС, "ГД 2015" құрылыс компаниясы" ЖШС конкурсқа қатысудан бас тартылып, «ОрдаМегаСтрой» ЖШС конкурста жеңімпаз болып айқындалуы тиіс деп есептейміз.

Қолданыстағы Заңнамаларға сәйкес, тиісті шара қолдануларыңызды сұраймыз.

«ОрдаМегаСтрой» ЖШС
директоры **А. Нысанов**